Барлығы оқу бағдарламаларымен және оқулықтармен қамтамасыз етілген.

Мұғалімнің кәсіби өсуі өзін-өзі тәрбиелеу қажеттілігінсіз мүмкін емес. Өзін-өзі жетілдіру тақырыбы бойынша жұмысты ұйымдастыру мұғалімдердің үздіксіз білім беру жүйесі болып табылады және пәнді оқытудың мазмұнын, технологияларын жетілдіруде және тиімділікті арттыруда маңызды рөл атқарады. ӘБ әдістемелік тақырыбына сәйкес пән мұғалімдері өзін-өзі тәрбиелеу тақырыптарында жұмыс істейді.

Әдістемелік жұмыстың дәстүрлі түрі-пәндік апталарды өткізу. Пәндік апталықтар оқушыларға өздерінің шығармашылық қабілеттерін ашуға мүмкіндік береді. Оларды өткізудің мақсаты, ең алдымен, жалпы білім беретін пәндер бойынша қызығушылықты арттыру, содан кейін тәрбиелеу болып табылады. Пәндік апталықтар барысында мұғалімдер оқушылардың пәндерге деген қызығушылығын арттыруға, танымдық белсенділікті, оқушылардың ой-өрісін қалыптастыруға, логикалық ойлауды дамытуға ықпал ететін сыныптан тыс іс-шараларды

өткізудің әртүрлі формалары мен әдістерін қолданады. Іс-шараларды дайындау кезінде балалардың жас ерекшеліктері ескерілді.

2024-2025 оқу жылында МӘБ – дің келесі пәндік апталықтары жоспарланған:

№	бағыты	өткізетін күндері	ӘБ жетекшілері
1	Бастауыш сынып	27.01 – 07.02.2025 жыл	Онайбаева Б.Б.
2	Жаратылыстану-математикалық бағыт	18.11 – 29.11.2024 жыл	Төремаханова Г.Қ.
3	Қоғамдық-гуманитарлық бағыт	10 – 21.02.2025 жыл	Жансүгір Д.С.
4	Өнер және эстетика бағыты	24 – 28.02.2025 жыл	Какимжанов К.К.
5	Жас мамандар апталығы	14 – 18.04.2025 жыл	Танирбергенова А.Ж.

Шешімі: "Абай атындағы ЖББМ" КММ мұғалімдерінің МӘБ жұмыс жоспарлары 2024-2025 оқу жылына қойылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізуге бағытталғанын атап өткен жөн. Отырыстардың тақырыбы әдістемелік бірлестіктердің алдында тұрған негізгі проблемалық мәселелерді көрсетеді.

Мектептің даму перспективалары: мектеп педагогтарының өзін-өзі жетілдіру тақырыптарымен жұмыс істеу жөніндегі қызметін жетілдіру; педагогтердің шығармашылық және кәсіби конкурстарға қатысуын жандандыру.

БӨЛІМ 2.Білім алушылардың контингенті

Білім алушылар контингентінің сандық құрамы:

- деңгейлер бойынша, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар контингенті туралы мәліметтер.

2024-2025 оқу жылында оқушылар саны тұрақты өсу бар. Басқа тұрғылықты жерден көшіп келу, орыс тілді мектептерден қазақ тілді мектепке ауысу байқалады.

Балаларды бірінші сыныпқа қабылдау электрондық форматта жүргізіледі. Мемлекеттік қызмет "Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы № 564 бұйрығы негізінде өзгерістер мен толықтырулар енгізіле отырып көрсетіледі, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 3 маусымдағы бұйрығы 2021 жылғы № 275. Мемлекеттік қызмет балаларды 1-сыныпқа, 10-сыныпқа қабылдау және мектептен- мектепке ауыстыру үшін электрондық түрде көрсетіледі. "Электрондық үкімет" веб-порталы арқылы egov.kz, «Сакура» порталы бойынша ата-аналар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы № 564 бұйрығына сәйкес құжаттар топтамасын Мемлекеттік қызметке ұсынады. Мемлекеттік қызмет көрсету үшін құжаттар тізбесі стендте, мектеп фойесінде орналастырылған. Электрондық түрде қабылдау 31 тамызға дейін жүргізіледі. Мемлекеттік қызмет көрсетуді есепке алу журналы жүргізіледі. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі: Мектептен мектепке келу және кету туралы есептен шығару талоны беріледі.

Мектепте ерекше білім беру қажеттіліктері бар үш оқушы оқиды. Олар үшін мектеп қабырғасында жайлы оқу үшін барлық жағдайлар жасалған. Барлық білім алушыларда ЗПР диагнозы қойылған анықтамалар бар және жалпы білім беретін мектепте оқуға ұсынылады.

2024-2025 оқу жылы

Білім алушылар контингенті ҚОӘББ «Лисаков қаласы білім бөлімінің Абай атындағы жалпы білім беретін мектебі " КММ 2024-2025 оқу жылының басында – 267 білім алушы, оның ішінде 135 қыз. Мектеп бойынша оқу жылы соңында 259 оқушы, оның ішінде 130 қыз.

Келген оқушылардың тізімі

2024-2025 оқу жылында барлығы 19 оқушы келді

№	Білім алушының ТАӘ	Туған жылы	Сынып	Келу күні	Келу туралы бұйрық
1	Омар Зайнаб Ағытайқызы	30.01.2015	2	19.09.2024	№55
2	Омар Фатима Ағытайқызы	17.07.2011	6	19.09.2024	№54
3	Жетербай Нұрай Исабайқызы	28.03.2008	11	26.09.2024	№57
4	Алпысбаева ақгулим Данабековна	15.12.2010	8	30.10.2024	№66
5	Марзалиев Руслан Алматович	03.12.2012	6	01.11.2024	№67
6	Талғат Айым Ернұрқызы	10.05.2015	4	12.11.2024	№74
7	Нурмаханова Назерке Берекетовна	11.11.2009	9	14.11.2024	№75
8	Серикбаева Бахжан	14.10.2008	9	18.11.2024	№76
9	Қайрат Алпамыс Алматұлы	11.10.2014	5	28.10.2024	№62
10	Қайрат Ақару Алматқызы	05.10.2012	7	28.10.2024	№63

11	Жынысбековна Венера Нурлибековна	04.02.2017	2	11.11.2024	№70
12	Жынысбекова Динара Нурлибековна	03.10.2013	5	11.11.2024	№71
13	Исенжол Ерасыл Есімұлы	05.11.2016	2	29.11.2024	№77
14	Иманғали Таир Талғатұлы	19.06.2013	5	24.01.2025	№6
15	Оразғалиева Айша Берікболқызы	18.01.2013	6	11.02.2025	№8
16	Мейрам Айзере Баубекқызы	16.06.2017	2	26.02.2025	№9
17	Нишанова Раяна Акрамовна	06.04.2014	5	13.01.2025	№2
18	Нишанова Аиша Акрамовна	11.07.2016	3	13.01.2025	№3
19	Габижанов Аханали Нурланович	14.01.2013	5	02.04.2025	№13

Кеткен оқушылардың тізімі

2024-2025 оқу жылында барлығы 27 оқушы кетті

№	Білім алушының ТАӘ	Туған жылы	Сынып	Келу күні	Кету туралы бұйрық
1	Нұрсұлтан Аман Жанатұлы	20.02.2013	5	09.09.2024	№51
2	Омар Зайнаб Ағытайқызы	30.01.2015	2	18.10.2024	№60
3	Омар Фатима Ағытайқызы	17.07.2011	6	18.10.2024	№60
4	Асылханова Айша Нағашыбаевна	01.06.2014	5	17.09.2024	№53
5	Исенжол Ерасыл Есімұлы	05.11.2016	2	25.09.2024	№56
6	Амандыкова Дана Амандыққызы	04.02.2008	11	07.10.2024	№59
7	Айсенова Айша Аблаевна	17.07.2018	1	13.09.2024	№52
8	Бимурзина Амилия Даулетовна	22.02.2018	1	04.10.2024	№58
9	Қалдыхан Айым Бағдатқызы	11.11.2013	5	29.10.2024	№64
10	Қалдыхан Мадина Бағдатқызы	22.07.2015	4	29.10.2024	№64
11	Серік Елжас Жасдәуренұлы	18.05.2009	10	28.10.2024	№61
12	Серік Медина Жасдәуренқызы	21.02.2016	3	28.10.2024	№61
13	Серік Жанайым Жасдәуренқызы	21.07.2013	6	28.10.2024	№61
14	Абиштаев Адилет Жангельдинович	21.04.2008	11	08.11.2024	№69
15	Серикбаев Саян Ерболович	13.07.2016	3	29.10.2024	№65
16	Мулдакиева Индира Ерлановна	09.07.2017	2	01.11.2024	№68
17	Турлыбек Жаслан Турағазыұлы	23.10.2009	9	11.11.2024	№72
18	Қалабай Нұрайым Дарханқызы	08.04.2017	2	10.01.2025	№1
19	Мейрам Айзере Баубекқызы	16.06.2017	2	15.01.2025	№4

20	Муратова Аяжан Данияровна	01.01.2011	8	30.01.2025	№7
21	Нарбаева Аякөз Турдибаевна	29.12.2007	11	11.03.2025	№10
22	Серикбаева Бахжан Куттымуратовна	14.10.2008	9	11.03.2025	№10
23	Баймухамбетов Ерасыл Алибекович	12.05.2017	1	22.01.2025	№5
24	Белғожа Мағжан Еділұлы	01.04.2011	8	10.01.2025	№1
25	ДемесиноваАмина Аблайхановна	05.10.2018	1	31.03.2025	№12
26	Сағат Мәдина Темурқызы	27.08.2015	4	27.03.2025	№11
27	Сағат Гаухар Темурқызы	01.06.2014	5	27.03.2025	№11

2024-2025 оқу жылы

Білім алушылар контингенті ҚОӘББ «Лисаков қаласы білім бөлімінің Абай атындағы жалпы білім беретін мектебі» КММ

2024-2025 оқу жылының 1 тоқсанының соңында контингент 262/132 білім алушыны құрады.

8 кетті, оның ішінде 6 қыз. 3 келді, оның ішінде 3 қыз.

2024-2025 оқу жылының 2 тоқсанының соңында контингент 263/135 білім алушыны құрады.

10 келді, оның ішінде 7 қыз. 9 оның ішінде 5 қыз шығарылды.

2024-2025 оқу жылының 3 тоқсанының соңында контингент 261/133 білім алушыны құрады. 5

келді, оның ішінде 4 қыз. 7 шығарылды, оның ішінде 5 қыз.

2024-2025 оқу жылының 4 тоқсанының соңында контингент 259/130 білім алушыны құрады. 1

келді, оның ішінде 0 қыз. 3 шығарылды, оның ішінде 3 қыз.

Шешім: білім алушылар санының динамикасы қазақ тіліді мектепте білім алуына, басқа облыстардан көшіп келуіне байланысты тұрақтылық сақталады. Білім беру ұйымын дамыту перспективалары: мектеп контингентін көтеру мақсатында педагогикалық ұжымның тұрақтылығына ықпал ету. ЕББ қажеттіліктері бар оқушылар үшін оқыту мен тәрбиелеу үшін барлық жағдайлар жасалған.

БӨЛІМ3. Оқу-әдістемелік жұмыс

Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, білім беру мазмұнына критерийлер

- бекітілген оқу жұмыс жоспарының, сабақ кестелерінің болуы және сәйкестігі

Оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру білім беру мазмұныҚР БҒМ 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығымен бекітілген тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларына (ҚР БҒМ 2021 жылғы 29.12. № 614) бұйрығына өзгерістер мен толықтырулармен) сәйкес жүзеге асырылады. Оқу жұмыс жоспары жыл сайын жасалады, тамыз айында өткізілетін мектептің педагогикалық кеңесінде бекітіледі және Қостанай облысы білім басқармасының"Лисаков қаласы білімбөлімі" ММ сараптамадан өтеді.

2024-2025 оқу жылында 1-11 сыныптарға арналған оқу жұмыс жоспары бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары негізінде, Қазақстан

Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 04 қазандағы №303бұйрығымен жасалды. «Қазақстан Республикасы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 8 ақпандағы №27 бұйрығының «Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспары» (1-қосымша), 2023 жылғы 26 қазандағы №323 бұйрығының «Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған негізгі орта білім берудің үлгілік оқу жоспары» (6-қосымша), «Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін жаратылыстану-математика бағыты бойынша жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспары» (86-қосымша);

Мектеп әкімшілігі жыл сайын мектептің негізгі білім беру бағдарламаларына сүйене отырып, тиісті оқу жылына ОЖЖ жобасын дайындайды. Оқу жоспарын құру кезінде мектеп қызметінің алдына қойылған мақсаттар мен міндеттер, сондай-ақ педагогикалық ұжымның зияткерлік және шығармашылық мүмкіндіктері ескеріледі.

Оқу жоспарын әзірлеу мен бекітудің негізгі кезеңі оны жыл сайын оқу жылы басталар алдында тамыз айында өткізілетін мектептің педагогикалық кеңесінің отырысында қарау болып табылады. Оқу жоспарын қарау педагогикалық кеңес отырыстарының хаттамалар кітабында тіркеледі. Бұл ретте оқу жоспары қосымша ретінде педагогикалық кеңестің шешіміне қоса беріледі. Педагогикалық кеңестің шешімі негізінде мектеп басшысы оқу жұмыс жоспарын бекіту туралы бұйрық шығарады.

Бекітілген және келісілген ОЖЖ педагогикалық ұжымға жеткізіледі және істер номенклатурасына сәйкес бұйрыққа қосымша ретінде сақталады.

Бекітілген ОЖЖ негізінде ағымдағы оқу жылына педагог қызметкерлердің оқу жүктемесін бөлу жүзеге асырылады, сабақ кестесі жасалады. Кесте Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 (2022 жылғы 31 мамырдағы (№ ҚР ДСМ – 31 енген өзгерістер мен толықтырулар) бұйрығымен бекітілген "Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық - эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларына (бұдан әрі-СанПин) сәйкес жасалды. Мәселен, СанПин-ға сәйкес 1-11 сыныптарда 2 және 3 сабақтан кейін кемінде 15 минут ішінде 2 үзіліс қарастырылған. Кестені мектеп басшысы бекітеді және мектептің ата-аналар комитетімен келісіледі.

Кесте құру кезінде оқу жоспары, мұғалімдердің оқу жүктемесі ескеріледі. Сондай-ақ сынып жетекшілері туралы мәліметтер және сыныптарды оқу кабинеттеріне бекіту, оқу кабинеттерінің саны, олардың сыйымдылығы, мұғалімдерге бекіту, сыныптардың толымдылығы, оқу жүктемесінің нормалары, әдістемелік - нұсқау хаттар, пәндерді қиындық бойынша саралау кестесі, кабинеттер тізбесі, қоңырау кестесі, оқу кабинеттері мен спорт залдарының жұмыспен қамту кестесі ескеріледі.

Шешім: оқу жұмыс жоспары Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) негізінде жаңа оқу жылы басталғанға дейін жыл сайын әзірленеді және бекітіледі. Оқу жұмыс бағдарламаларының құрылымына, мазмұнына, ресімделуіне, қабылдау және бекіту тәртібіне қойылатын талаптар сақталады. Білім беру ұйымының даму перспективалары: оқу жұмыс бағдарламаларын сапалы жобалау.

Жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылатын оқу пәндерінің базалық мазмұнын игеру

2024-2025 оқу жылында инвариантты компоненттің жалпы білім беретін пәндерінің базалық

мазмұнын игеру Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2023 жылғы 04 қазандағы №303 мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты негізінде жүзеге асырылды. "Қазақстан Республикасының бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" (ҚР БҒМ 08.11.2012 ж. № 500 бұйрығы, өзгерістерімен 26.10.2023 ж. № 323; 08.02.2024 ж. № 27 бұйрығы)

Бастауыш, негізгі орта білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне критерийлер

- білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемінің сәйкестігі және сақталуы

- "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы "Қазақстан Республикасы Оқу- ағарту министрінің 2023 жылғы 04 қазандағы № 303 бұйрығына сәйкес;

- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 08 ақпандағы №27 бұйрығымен "Қазақстан Республикасы Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы "Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы"

Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі бұйрығымен № 399 "бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейлерін таңдау бойынша жалпы білім беретін пәндер мен курстар бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту". 2024-2025 оқу жылында 1 қыркүйектен бастап мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына (Қазақстан Республикасы Білім Министрінің 2023 жылғы 4 қазандағы № 303 бұйрығы), Қазақстан Республикасының бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына сәйкес (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы, 2023 жылғы 26 қазандағы өзгерістер мен толықтырулармен, Қазақстан Республикасы Білім Министрінің № 323 бұйрығы), жалпы білім беретін ұйымдарға арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары және факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламалары (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығы, 01.04.2022 ж. өзгерістер мен толықтырулар, Қазақстан Республикасы Білім Министрінің № 123 бұйрығы).

1-4 сынып оқушыларының апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі

сынып	Максималды апталық оқу жүктеме (сағат)
2024-2025 оқу жылы	
1 «А»	19,5
1 «Б»	19,5
2 «А»	24
2 «Б»	24
3 «А»	26
4 «А»	26

5-9 сынып оқушыларының апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі

сынып	Максималды апталық оқу жүктеме (сағат)
2024-2025 оқу жылы	
5 «А»	28,5
6 «А»	28,5
6 «Б»	28,5
7 «А»	31,5
8 «А»	32,5
9 «А»	34
9 «Б»	34

10-11 сынып оқушыларының апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі

сынып	Максималды апталық оқу жүктеме (сағат)
2024-2025 оқу жылы	
10 «А»	35
11 «А»	35

Шешімі: инвариантты және вариативті компоненттерді қамтитын білім алушылардың оқу жүктемесінің жалпы көлемі, сондай-ақ сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесі үлгілік оқу жоспарларына сәйкес келеді. Апталық оқу жүктемесі үлгілік оқу жоспарымен (инвариантты және вариативті компоненттер) айқындалған оқу жұмысының барлық түрлерін қамтиды. Берілген деректер бойынша білім алушылардың ең жоғары оқу жүктемесі олардың қажеттіліктерін ескере отырып, мектептің оқу жұмыс жоспарында белгіленеді.

Білім беру ұйымы дамыту перспективалары: мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына және мектептің жұмыс оқу жоспарына сәйкес білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемінің сыныптық және сыныптан тыс (факультативтік, жеке және үйірмелік сабақтарды) оқу жұмысының барлық түрлерін қоса алғанда сәйкестігін сақтау.

Инвариантты және вариативті компоненттерін құрайтын білім алушылардың оқу жүктемесінің жалпы көлемінің, сондай-ақ ОЖЖ белгілеген сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесінің сәйкестігі және сақталуы

2024-2025 оқу жылы

"Білім туралы" білім беру мазмұнын жаңарту және 2024-2025 оқу жылының басталуын ұйымдастыра өткізу шеңберінде Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2024 жылғы 26 шілдедегі "орта білім беру ұйымдарында 2024-2025 оқу жылының басталуы туралы" №280 бұйрығына сәйкес оқу жұмыс жоспары әзірленді. 1-4 сыныптарында білім беру ұйымының 2024-2025 оқу жылында білім беру процесін іске асыру кезінде мынадай нормативтік құжаттар негізінде оқыту процесін басшылыққа алады және жүзеге асыратын болады:

«Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 27.07.2007 ж. № 319-III;

1. «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 27.12.2019 ж. № 293-IV;
2. «Бала құқығы туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 08.08.2002 ж. №345
3. «Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту министрінің бұйрығы 04.10.2023ж. № 303;
4. «Қазақстан Республикасының бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» ҚР БҒМ бұйрығы 8.11.2012 ж. № 500;
5. «Сапалы білім беру», "Білімді ұлт" ұлттық жобасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 12.10.2021 ж. № 726;
6. «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, аралық және қорытынды аттестаттауды жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 18.03.2008 ж. № 125 бұйрығы);
7. Ұлттық білім академиясының әдістемелік - нұсқау хаты."2024-2025 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінде білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Алтынсарин».

Инвариантты және ең жоғары оқу жүктемесінің саны ҚР МЖМБС-да айқындалған нормаларға қатаң сәйкес келеді және ҚР ДСМ ДСМ-76 05.08.2021 ж. САН Пин талаптарына сәйкес бөлінген.

Бастауыш білім беру білім берудің дербес оқу-тәрбие ұйымы ретінде жалпы білім беретін мектептің бастауыш сыныптарында оқыту мен тәрбиелеудің өзара байланысты процестерінде қамтамасыз етіледі.

Бастауыш білім беру деңгейінің 1-сыныбына арналған "Әліппе" оқу пәні ҚР БҒМ 2021 жылғы 26 наурыздағы № 123 бұйрығымен бекітілген оқу бағдарламасына сәйкес зерделенеді. 2024-2025 оқу жылында бірінші жартыжылдықта А.Байтұрсыновтың әдістемесі негізінде әзірленген "Әліппе" пәні, екінші жартыжылдықта "Ана тілі"пәні жүргізіледі.

2024-2025 оқу жылына арналған ӘНХ сәйкес қазақ тілінде оқытатын 1-сыныптар үшін Бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарына мынадай өзгерістер енгізілді:

- "Әліппе" және "Ана тілі"пәндері оқытылады;

1, 2 және 3 сыныптарда "Көркем еңбек" пәні екі пәнге бөлінеді: "Еңбекке баулу"және "Бейнелеу өнері"және 4 сыныптарда "Көркем еңбек" пәні оқытылады. 3 - 4 сыныптарда ағылшын тілі қалды.

Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына (Қазақстан Республикасы Білім Министрінің 2023 жылғы 04 қазандағы № 303 бұйрығы) сәйкес жалпы білім беру ұйымдарында сыныпты екі топқа бөлу 24 және одан да көп білім алушылардан тұратын сыныптарды толтыру кезінде жүзеге асырылады. 3 - 4 сыныптарда -27 оқушы.

Қалалық жерлерде сыныптардың жинақталуы бойынша ӘНХ сәйкес сыныптағы (орыс тілі, ағылшын тілі,сандық сауаттылық) пәндері екі топқа бөлінді.

2-4 сыныптардағы сабақтың ұзақтығы-45 минут. Бірінші сыныптарда оқу сабақтарының "сатылы" режимі жүзеге асырылады: қыркүйекте – үш сабақ 35 минуттан, қазан айынан бастап-45 минуттан, сабақтарда санитарлық ережелерге сәйкес дене шынықтыру минуттары мен көзге арналған гимнастика өткізіледі.

Сабақ кестесін жасау кезінде мектеп әкімшілігі күн мен апта ішінде білім алушылардың ақыл-ой жұмыс қабілеттілігінің динамикасын ескеріп, "білім беру объектілеріне қойылатын

санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларына 4-қосымшаға сәйкес қиындық бойынша пәндерді саралау кестесін пайдалану (ҚР ДСМ 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығы). 2 және 3 сабақтан кейін 15 минуттан тұратын екі үлкен үзіліс.

2024-2025оқу жылында«Қазақстан Республикасы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына 2023 жылғы 26 қазандағы №323 бұйрығымен енген (өзгерістер мен толықтырулар) «Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін үйде оқитын білім алушыларға арналған негізгі орта білім берудің үлгілік оқу жоспары» (53, 55-қосымша) 7 «А» сынып оқушысы Манасов Саян Берикович 2024 жылғы 25 желтоқсандағы №959«Дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындысы» бойынша Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Лисаков қаласы білім бөлімінің Абай атындағы жалпы білім беретін мектебі» КММ 2025 жылғы 30.12 №337 бұйрығымен, 7 «А» сынып оқушысы Ергазин Рахат Аятович 2025 жылғы 27 ақпандағы №103«Дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындысы» бойынша Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Лисаков қаласы білім бөлімінің Абай атындағы жалпы білім беретін мектебі» КММ 2025 жылғы 27.02 №62 бұйрығымен, 3 «А» сынып оқушысы Жеңсікбай Айбат Мұратұлы 2025 жылғы 14 сәуірдегі №227 «Дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындысы» бойынша Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Лисаков қаласы білім бөлімінің Абай атындағы жалпы білім беретін мектебі» КММ 2025 жылғы 16.04 №96 бұйрығы негізінде оқу бағдарламасын жалпы білім беру бағдарламасынақұрылған.

Сыныптарды топтарға бөлуге қойылатын талаптарды сақтау, оның ішінде инклюзивті білім беру шеңберінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың ерекшеліктерін ескере отырып.

2024-2025 оқу жылында Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының "Лисаков қаласы білім бөлімінің Абай атындағы жалпы білім беретін мектебі" КММ топтарға бөлу бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына (Қазақстан Республикасы Білім Министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы) сәйкес жүзеге асырылды. 24 және одан да көп білім алушылар 3-4- сыныпта-27 оқушы. Қалалық жерлерде сыныптардың жинақталуы бойынша МЖМБС сәйкес сынып орыс тілі мен сандық сауаттылық пәндері екі топқа бөлінді.

8-сыныпты Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығының 3 тарау, 45 тармағына сәйкес ағылшын тілі, информатика, көркем еңбек және орыс тілі мен әдебиеті пәндерден инклюзивті білім беру аясында сыныпты топтарға бөлу білім алушылардың жалпы саны ерекше білім беру қажеттіліктері бар әр балаға барлық білім алушылар санын үшке кеміту есебінен жүзеге асырылып, сынып оқушылары топтарға бөліп оқытылады.

Оқу мерзіміне арналған критерийлер:

- тиісті деңгейдегі білім беру бағдарламаларын игеру мерзімдеріне қойылатын талаптарды сақтау

Мектептегі сабақтар бір ауысымда өткізіледі:

2024-2025 оқу жылының соңында 259 білім алушы (15 сынып – жиынтық) оқыды. Оның ішінде:бастауыш білім беру-1-4 сыныптар- 117 білім алушы (6 сынып-жиынтық); негізгі орта білім беру– 5-9 сыныптар – 112 білім алушы (7 сынып - жиынтық); 10-11 сыныптар- 30

білім алушы (2сынып-жинақ)оқыды.

"Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" "Қазақстан Республикасы Ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ағарту министрінің 2022 жылғы 23 қыркүйектегі № 406 бұйрығына сәйкес мектепке оқытудың келесі кезеңдері мен мерзімдері:

- 1) бастауыш білім, 1-4 сынып (оқу мерзімі 4 жыл);
- 2) негізгі орта білім, 5-9 сынып (оқу мерзімі 5 жыл);
- 3) орта білім, 10-11 сынып (оқу мерзімі 2 жыл).

Сыныптар бойынша оқу жылының ұзақтығына және оқу жылындағы демалыс уақытының ұзақтығына қойылатын талаптарды сақтау.

2024-2025 оқу жылы.

Қазақстан Республикасы Білім Министрінің 2022 жылғы 03 тамыздағы № 348 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) бекітілген "Білім туралы" ҚР Заңының (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) 5-бабының 38) тармақшасына, Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес орта білім беру ұйымдарында 2024-2025 оқу жылының ұзақтығы мен каникулдық кезеңдерін анықтау туралы" Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының "Лисаков қаласы білім бөлімі" ММ 2024 жылғы 26 шілдедегі № 280 бұйрығына 2025 жылғы 8 мамырдағы № 653-01-09, "Лисаков қаласының жалпы білім беру ұйымдарында 2024-2025 оқу жылының басталуы мен аяқталуын, ұзақтығын және каникулдық кезеңдерін айқындау туралы" хаты негізінде, Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының "Лисаков қаласы білім бөлімі Абай атындағы жалпы білім беретін мектебі" КММ 2024 жылғы 29 тамыздағы № 173 бұйрығына 2025 жылғы 15 мамырдағы № 121 бұйрығының өзгерістерімен 2024-2025 оқу жылының басталуы мен аяқталуы, ұзақтығы мен демалыс кезеңдері:

- 2024-2025 оқу жылы басталуы – 2024 жылы 1 қыркүйек, аяқталуы - 2025 жылы 23 мамыр;
- оқу жылының ұзақтығы 1 сыныптарда – 33 оқу аптасы, 2 – 11 сыныптарда 34 оқу аптасы;
- оқу жылындағы демалыс кезеңдері: 1-11 сыныптарда: күзгі-7 күн (2024 жылғы 18 қазаннан бастап 3 қарашаны қоса алғанда), қысқы-10 күн (2024 жылғы 30 желтоқсаннан бастап 2025 жылғы 8 қаңтарды қоса алғанда), көктемгі -11 күн (2025 жылғы 21 наурыздан бастап 31 наурызды қоса алғанда); 1-сыныптарда қосымша демалыс – 7 күн (2025 жылғы 10 - 16 ақпанды қоса алғанда).

Шешімі: аттестаттау кезеңінде сыныптар бойынша оқу жылының ұзақтығына және оқу жылындағы демалыс уақытының ұзақтығына қойылатын талаптар орындалды.

БӨЛІМ 4. Оқу-материалдық активтер

Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, білім беру мазмұнына критерийлер

- бастауыш, негізгі орта және сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін ұсынатын ұйымдардың білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын сақтау

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының "Лисаков қаласы білім бөлімінің Абай

атындағы жалпы білім беретін мектебі" КММ бекіткен штат кестесіне сәйкес 2024 жылғы 1 қыркүйекке мектеп педагогикалық қызметкерлермен жасақталған: 32 штаттық қызметкер, оның ішінде мектеп басшысы-1 ставка, басшының ОТ бойынша орынбасары - 1 ставка, басшының тәрбие бойынша орынбасары – 1 ставка, әлеуметтік педагог-1 ставка, педагог-психолог-1 ставка.

Әкімшілік-басқару аппаратының құрамы туралы мәліметтер:

Сатубалдина Акбопе Бекетовна - мектеп басшысы, жалпы педагогикалық жұмыс өтілі - 23 жыл, оның ішінде мектеп басшысы лауазымында – 9 жыл. 2018 жылы мектеп директоры болып тағайындалды: 2018 жылы 17.10 №95 бұйрық. 2023 жылы 21.11 №163 қайта тағайындалды. Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты "Қазақ тілі мен әдебиеті" мамандығы бойынша бітірген. "Қазақ тілі мен әдебиеті" мамандығы бойынша педагог-зерттеуші санатқа ие. Санаттың қолданылу мерзімі 2025 жылы 31 тамызға дейін жарамды. 2021 жылы Педагогикалық шеберлік орталығында Қазақстан Республикасы ұйымдары басшыларының біліктілігін арттыру, Қазақстан Республикасы педагог кадрларының біліктілігін арттыру бағдарламасы бойынша курсты аяқтады. Мектеп басшысы лауазымы бойынша басшы-ұйымдастырушы санатына ие. 2023 жылы «Мектепшілік бақылау - оқу-тәрбие кәсібін басқарудың тиімді құралы» тақырыбында облыстық семинарда баяндама оқыды.

Танирбергенова Айнаш Жаксылыковна – директордың оқу-тәрбие жұмысы бойынша орынбасары. Жалпы педагогикалық еңбек өтілі – 18 жыл. Оның ішінде 7 жыл мектеп басшысының оқу – тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі. Мектеп басшысының ОТЖ жөніндегі орынбасары болып 2018 жылы 01.09 №36 бұйрықпен тағайындалды. Білімі жоғары, педагогикалық. Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия университетін «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша тамамдаған. Пәні бойынша санаты: педагог-зерттеуші. 2023 жылы 80 сағат көлемінде "Өрлеу" БАҰО-да «Заманауи жағдайда білім алушылардың кәсіптік бағдарлауын жүргізу үшін педагогтердің құзыреттілігін дамыту» және 2022 жылы 72 сағат көлемінде «Менеджмент заманауи білім беру ұйымдарын тиімді басқарудың негізі ретінде». тақырыптары бойынша біліктілікті арттыру курстарынан өтті. Білім беру ұйымы басшысының орынбасары 2022 жылы аттестаттаудан өтті, " жұмысы жөніндегі басшының орынбасары" лауазымы бойынша үшінші санатқа ие.

Ескенова Бакытжамал Абеновна –тәрбие жұмысы бойынша мектеп басшысының орынбасары. Жалпы педагогикалық жұмыс өтілі- 30 жыл. Оның ішінде 7 жыл мектеп басшысының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары және қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі. Мектеп басшысының ТЖ жөніндегі орынбасары болып 2018 жылы 01.09 № 42 бұйрық тағайындалды. Білімі жоғары, педагогикалық. 2023 жылы «АҮДҰИ» КЕАҚ -да 40 сағат көлемінде «Білім беру ұйымдарында жағымды тәрбие ортасын қамтамасыз ету» тақырыбында курстан өтті. 2022 жылы аттестаттаудан өтті, "Тәрбие жұмысы жөніндегі басшының орынбасары" лауазымы бойынша үшінші санатқа ие.

Кесте бойынша 2025 жылы жоспарланған.

№	Тегі, аты, әкесінің аты	Тақырып атауы	Оқу орыны және өту орны	Сағат саны	Аяқтау нысаны
---	-------------------------	---------------	-------------------------	------------	---------------

	Лауазымы			және еңбек өтілі	
1	Сатубалдина Акбопе Бекетовна, мектеп басшысы	«ҚР жалпы білім беру ұйымдары басшыларының біліктілігін арттыру бағдарламасы»	Педагогикалық шеберлік орталығы 12.04.2021 D №004788		2021
		«Орта білім беру ұйымдарында кәмелетке толмаған балалар арасында суицидтің алдын алу»	АО «Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институты» КЕАҚ 24.11.2023 №0037535	36 сағат	2023
2	Танирбергенова Айнаш Жаксылыковна, директордың оқу-тәрбие орынбасары	«Заманауи жағдайда білім алушылардың кәсіптік бағдарлауын жүргізу үшін педагогтердің құзыреттілігін дамыту»	АҚ БАҰО "Өрлеу" 27.10.2023 №0810424	80	2023
		«Менеджмент заманауи білім беру ұйымдарын тиімді басқарудың негізі ретінде»	«Академиялық орталық. Старт» 06.11.2022 №11467	72	2022
3	Ескенова Бакытжамал Абеновна, директордың тәрбие орынбасары	«Білім беру ұйымдарында жағымды тәрбие ортасын қамтамасыз ету»	АО «Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институты» КЕАҚ 19.05.2023 №0019224	40	2023

Дипломнан кейінгі педагогикалық білім беру-педагогтің жалпы білім беру және арнайы білімін, іскерлігі мен дағдыларын тереңдету, кеңейту және жаңарту арқылы үздіксіз білім беру және кәсіби даярлау жүйесінің бағыттарының бірі.

Педагог қызметкерлердің біліктілігін арттырудың мақсаты өз құзыреті шегінде өздерінің кәсіби міндеттерін орындау үшін олардың білімдерін жаңарту және жетілдіру, зияткерлік және мәдени деңгейін арттыру, білім беру саласындағы заңнамалық және нормативтік актілерді зерделеу, мемлекеттік тілді меңгеру дағдыларын жетілдіру, ақпараттық-

коммуникативтік технологияларды игеру болып табылады. Білім беру мекемесінің әкімшілігі үздіксіз біліктілікті арттыру негізінде педагогтердің кәсіби құзыреттілігін дамытуға жағдай жасайды. Мектепте педагогикалық және басшы қызметкерлердің біліктілігін арттырудың перспективалық жоспарының болуы педагогтардың біліктілік деңгейіне мониторинг жүргізуге және осы курстарда алған білімдерін әр мұғалімге курстардан өту қажеттілігін анықтауға мүмкіндік береді, мұғалімдер оқу процесіне белсенді түрде енгізеді. БА курстарында мұғалімдерді оқыту жаңа буын стандарттарын енгізумен байланысты. Мұғалімдердің біліктілігін арттыру-бұл қосымша кәсіптік білім беру түрі, бұрын алған кәсіптік білімдерін жаңарту, тереңдету, білім беру қызметкерлерінің іскерлік қасиеттерін жетілдіру, олардың кәсіптік қызметпен байланысты білім беру қажеттіліктерін қанағаттандыру. Педагогтердің курстық даярлығын ипроведение ұйымдастырудағы басты серіктестер мынадай ұйымдар болып табылады: Қостанай облысы бойынша "Өрлеу" БАҰО АҚ, "Педагогикалық шеберлік орталығы"ЖМ. Аталған ұйымдар Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігімен бекітілген. Абай мектебінің педагог кадрларды курстық даярлау және қайта даярлау тұрақты түрде жүргізіледі.

Шешімі:Әкімшілік жеткілікті деңгейде аналитикалық мәдениетке ие. Мектептің өзіне жүктелген функцияларды орындауы және оның қызметінің нәтижелері оқу-тәрбие жұмысын жоспарлауға, оқу-педагогикалық есепке алуды жүргізуге, мектептің іс қағаздарын ұйымдастыруға байланысты құжаттарда көрсетіледі. Санаты жоқ педагогтардың саны - әкімшіліктің жалпы санының 40% - құрайды;

Білім беру ұйымын дамыту перспективалары:

- басшының оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарына біліктілікті арттыру курстарынан өту,
- мектеп басшысының орынбасарлары атқаратын лауазымында бес жыл болғаннан кейін аттестаттаудан, ал үш жыл сайын - курстар мен аттестаттаудан өту кестесі бойынша өтеді.

БӨЛІМ 5.Білім алушылардың білімін бағалау

Білім алушылардың дайындық деңгейіне критерийлер:

- бастауыш, негізгі орта білім берудің мемлекеттік білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес білім алушылардың дайындық деңгейі (оқытудың күтілетін нәтижелері) (негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейінде оқу курсы үшін емтихан хаттамаларының көшірмелері қоса беріледі)

Бастауыш сынып білім алушыларының білім сапасы:

Оқу жылы	Барлық оқушылар	«5»	«4»	«3»	% үлгерімі	% білім сапасы
2022-2023	94/67 (1-сынып – 27 оқушы)	21	27	19	100%	71,6%

2023-2024	104/72 (1-сынып - 32 оқушы)	20	31	21	100%	70,8%
2024-2025	117/52 (1-сынып – 35 оқушы)	27	34	21	100%	74,3%

2023 – 2024 оқу жылында білім сапасының 2022 - 2023 оқу жылмен салыстырғанда -0,8% - ға түскені байқалады. 2024-2025 оқу жылында білім сапасы 2023-2024 оқу жылының білім сапасымен салыстырғанда 3,5% - ға көтерілді. 2024-2025 жылында үздіктер мен екпінділер санымен қатар білім сапасының да артқаны байқалады. Үш жылдағы "жақсы оқушылардың" саны плюс динамикасы. Ұжымда әлеует пен мүмкіндікке жұмыс істейтін нәрсе бар деп санаймыз.

Негізгі мектеп оқушыларының білім сапасы:

Оқу жылы	Барлық оқушылар	«5»	«4»	«3»	% үлгерімі	% білім сапасы
2022 - 2023	129	16	65	48	100%	62,7%
2023-2024	114	15	50	49	100%	57,0%
2024-2025	112/61	16	49	47	100%	58,0%

2023-2024 оқу жылында білім сапасының 2022-2023 оқу жылымен салыстырғанда -5,7% түскен. 2024-2025 оқу жылында білім сапасын 2023-2024 оқу жылымен салыстырғанда +1,0%. Үздік оқушылардың көрсеткіші 3 жыл ішінде 1 оқушыға тұрақсыздығын көрсетті. Екпінділер саны 2023-2024 жылдары 50 оқушы болса, 2024-2025 оқу жылында 49 оқушы, яғни 1 оқушыға кеміді. Ұжымда әлеует пен мүмкіндікке жұмыс істейтін нәрсе бар деп санаймыз.

Жалпы білім беру оқушыларының білім сапасы:

Оқу жылы	Барлық оқушылар	«5»	«4»	«3»	% үлгерімі	% білім сапасы
2022 - 2023	26	3	15	8	100%	69,2%
2023-2024	37	4	14	19	100%	48,6%
2024-2025	30	3	9	18	100%	40,0%

2024-2025 оқу жылында білім сапасының 2023-2024 оқу жылымен салыстырғанда -20,6% - ға түсуі байқалады. Үздік оқушылардың саны 3 жыл ішінде 1 оқушыға тұрақсыздығын көрсетіп отыр. Екпінді оқушыларымыздың саны жалпы оқушылардың санына қарай жылдағыдан төмен екенін көрсетті.

Мектептің жалпы білім беру оқушыларының білім сапасы:

Оқу жылы	Барлық оқушылар	«5»	«4»	«3»	% үлгерімі	% білім сапасы
2022– 2023	249/222 -27 (1-сынып)	40	107	75	100%	66,2%
2023-2024	255/223 -32 (1-сынып)	39	95	89	100%	60,0%
2024-2025	259-130 -35 (1-сынып)	46	92	86	100%	61,6%

2024-2025 оқу жылында білім сапасының 2023-2024 оқу жылымен салыстырғанда -1,6% - ға өсуі байқалады. Үздік оқушылардың саны сақталғанымен, екпінді оқушылардың саны айтарлықтай азайғанын көрсетті. Мектеп бойынша білім сапасын арттыру үшін жұмыс істеуге көп нәрсе бар деп санаймыз, бұл үшін әлеует пен мүмкіндіктер де бар.

Пәндер бойынша оқу үлгерімі және білім сапасы

№ р/с	Оқу кезеңі Пәндер	2023-2024 оқу жылы		2024-2025 оқу жылы	
		%	%	%	%
		үлг	сапа	үлг	сапа
1	Қазақ тілі	100	73,3	100	74,1
2	Қазақ әдебиеті	100	73,6	100	73,9
	Әдебиеттік оқу	100	76,3	100	81,7
3	Орыс тілі мен әдебиеті	100	82,1	100	80,9
	Орыс тілі	100	77,7	100	81,7
4	Шет тілі (Ағылшын тілі)	100	83,3	100	72,1
5	Математика	100	74,7	100	74,6
6	Алгебра	100	55,9	100	62,5
7	Геометрия	100	59,7	100	71,2
8	Информатика	100	86,7	100	80,9
9	Физика	100	63,0	100	69,1
10	Химия	100	59,4	100	55,3
11	Биология	100	70,1	100	70,2
12	Жаратылыстану	100	79,4	100	76,9
13	География	100	74,7	100	80,8
14	Қазақстан тарихы	100	66,5	100	69,0
15	Дүниежүзі тарихы	100	67,5	100	69,7
16	Құқық негіздері	100	72,4	100	93,8
17	Дүниетану	100	83,8	100	86,5
18	Алгебра және анализ бастамалары	100	48,6	100	46,6

Соңғы екі жыл бойынша үлгерім мен білім сапасын талдауда орыс тілі мен әдебиеті, математика, алгебра, геометрия, информатика, физика, химия, биология, Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы, құқық негіздері пәндері бойынша білім сапасының түскенді көрсетеді. Бұл көрсеткіштің өсуі қазақ тілі, шетел тілі, жаратылыстану, география, дүниетану пәндері бойынша байқалады. Қазақ әдебиеті, география пәндері бойынша шамалы тұрақтылық байқалады. Білім сапасының төмендеуінің себептерін атап өтуге болады.

-білім алушылардың білім сапасын арттыру бойынша мұғалімдердің жүйесіз жұмысы, білімді бекіту бойынша әлсіз жұмыс.

Оқу жылдарындағы үлгерім 2023-2024, 2024-2025 - 100% құрады. 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығына сәйкес, музыка, дене шынықтыру, көркем еңбек, "Алғашқы әскери және технологиялық дайындық", пәндері бойынша "есептелінді", бастауыш сыныптарда цифрлық сауаттылық пәні бойынша – "есептелінді" қойылады.

9 – 11 сынып түлектерін қорытынды мемлекеттік (қорытынды) аттестаттауды талдау:

Мектеп жұмысының негізгі статистикалық көрсеткіші 9 және 11-сынып түлектерін мемлекеттік (қорытынды) аттестаттау нәтижелері болып табылады.

Мектептің қорытынды аттестаттауға дайындық жұмысының мақсаты:

1. 9, 11 сынып түлектерін қорытынды аттестаттауға дайындау бойынша мектеп жұмысын ұйымдастыру.

2. Осы бағыт бойынша деректер базасын қалыптастыру:

- оқушылардың қажеттіліктері және олардың оқу және психологиялық мүмкіндіктері мен қабілеттері;

- дайындықты әдістемелік және психологиялық қамтамасыз ету.

3. Оқушыларды, олардың ата-аналары мен мұғалімдерін уақтылы ақпаратпен қамтамасыз ету.

Оқу жылы ішінде мектеп қорытынды аттестаттауға дайындық бойынша жүйелі жұмыс жүргізді, оқушылар мен ата-аналар нормативтік-құқықтық құжаттармен танысты. Пән мұғалімдері сабақтарда өткен материалды қайталау жүргізді, осылайша пән де кеткен олқылықтар 2024-2025 оқу жылында білім алшақтықтарын дайындау және жою жүргізілді.

2024-2025 оқу жылының қорытынды аттестаттау нәтижелері

Негізгі орта мектеп курсы үшін **қорытынды аттестаттауға** 9-сыныптың 19 оқушысы жіберілді, орта мектеп курсы үшін 11-сыныптың 19 оқушысы жіберілді.

"Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, аралық және қорытынды аттестаттауды жүргізудің үлгілік қағидалары" 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығына сәйкес, "2024-2025 оқу жылын аяқтау және орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу мерзімдерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2024 жылғы 10 шілдедегі № 174 бұйрығына өзгерістер 2025 жылғы 05 мамырдағы №03-10-2343 хаты негізінде меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан орта білім беру

ұйымдарында оқу сабақтары 2025 жылғы 23-24 мамырда аяқталады. 9(10) сынып оқушыларының қорытынды қорытынды емтихандары 2025 жылғы 29 мамырдан 10 маусымға дейін; 11 (12) сынып оқушыларының мемлекеттік бітіру емтихандары 2025 жылғы 30 мамырдан 16 маусымға дейін аралықта бекітілген.

Негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын меңгерген 9 (10) сынып оқушылары төрт емтихан тапсырады, олардың бірі - таңдау бойынша:

- 1) эссе нысанында қазақ тілінен жазбаша емтихан;
- 2) Математика (Алгебра)бойынша жазбаша емтихан (тест);
- 3) орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау) ;
- 4) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (ағылшын тілі, география, қазақ әдебиеті, Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы).

11 сынып оқушылары үшін қорытынды аттестаттау келесі форматта өтті:

- 1) қазақ тілінен жазбаша емтихан;
- 2) алгебра және талдау принциптері бойынша жазбаша емтихан;
- 3) Қазақстан тарихы бойынша ауызша емтихан;
- 4) орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан;
- 5) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (биология, география, физика, ағылшын тілі, қазақ әдебиеті, дүниежүзі тарихы).

9-сынып емтихандарының нәтижелері келесідей:

Қазақ тілінен емтихан нәтижелері

сынып	Оқушы саны	«5»	«4»	«3»	«2»	Үлгерімі	Сапасы
9	19	8	6	5	0	100%	73,6%

Алгебрадан емтихан нәтижелері

сынып	Оқушы саны	«5»	«4»	«3»	«2»	Үлгерімі	Сапасы
9	19	3	9	7	0	100%	63,1%

Орыс тілі мен әдебиетінен емтихан нәтижелері

сынып	Оқушы саны	«5»	«4»	«3»	«2»	Үлгерімі	Сапасы

9	19	3	15	1	0	100%	94,7%
---	----	---	----	---	---	------	-------

Дүние жүзі тарихынан емтихан нәтижелері

сынып	Оқушы саны	«5»	«4»	«3»	«2»	Үлгерімі	Сапасы
9	1	0	1	0	0	100%	100%

Қазақстан тарихынан емтихан нәтижелері

сынып	Оқушы саны	«5»	«4»	«3»	«2»	Үлгерімі	Сапасы
9	4	1	3	2	0	100%	100%

Қазақ әдебиетінен емтихан нәтижелері

сынып	Оқушы саны	«5»	«4»	«3»	«2»	Үлгерімі	Сапасы
9	2	1	1	0	0	100%	100,0%

Географиядан емтихан нәтижелері

сынып	Оқушы саны	«5»	«4»	«3»	«2»	Үлгерімі	Сапасы
9	8	0	8	0	0	100%	100%

Ағылшын тілінен емтихан нәтижелері

сынып	Оқушы саны	«5»	«4»	«3»	«2»	Үлгерімі	Сапасы
9	2	0	2	0	0	100%	100%

Биологиядан емтихан нәтижелері

сынып	Оқушы саны	«5»	«4»	«3»	«2»	Үлгерімі	Сапасы
9	2	1	0	1	0	100%	50,0%

9-сыныптағы жылдық білім сапасы мен қорытынды талдау (емтихандарды ескере отырып)

№	Пән	Бір жылдық нәтижелер, %	Қорытынды нәтижелер, %	Динамика, %
1	Қазақ тілі	73,6%	73,6%	Өзгеріссіз
2	Алгебра	68,4%	68,4%	Өзгеріссіз
3	Орыс тілі мен әдебиеті	89,4%	89,4%	Өзгеріссіз
4	География	87,5%	100%	Өзгеріс бар
5	Ағылшын тілі	100%	100%	Өзгеріссіз
6	Қазақ әдебиеті	100%	100%	Өзгеріссіз
7	Қазақстан тарихы	100%	100%	Өзгеріссіз

8	Дүниежүзі тарихы	100%	100%	Өзгеріссіз
9	Биология	50,0%	50,0%	Өзгеріссіз

2024 жылы негізгі орта мектеп түлектері 9 жалпы білім беретін пән бойынша мемлекеттік (қорытынды) аттестаттаудан өтті: міндетті – алгебра, қазақ тілі, орыс тілі мен әдебиеті, сондай-ақ таңдау пәндері - Қазақстан тарихы, қазақ әдебиеті, ағылшын тілі, география, дүниежүзі тарихы, биология.

Түлектердің 100% негізі орта білім берудің мемлекеттік стандартын сәтті игерді және осылайша негізгі орта білім туралы аттестаттар алды.

11-сынып емтихандарының нәтижелері келесідей:

Қазақ тілінен емтихан нәтижелері

сынып	Оқушы саны	«5»	«4»	«3»	«2»	Үлгерімі	Сапасы
11	19	2	14	3	0	100%	84,2%

Алгебра және анализ бастамаларынан емтихан нәтижелері

сынып	Оқушы саны	«5»	«4»	«3»	«2»	Үлгерімі	Сапасы
11	19	2	13	4	0	100%	78,9%

Орыс тілі мен әдебиетінен емтихан нәтижелері

сынып	Оқушы саны	«5»	«4»	«3»	«2»	Үлгерімі	Сапасы
11	19	4	14	1	0	100%	94,7%

Қазақстан тарихынан емтихан нәтижелері

сынып	Оқушы саны	«5»	«4»	«3»	«2»	Үлгерімі	Сапасы
11	19	5	8	6	0	100%	68,4%

Ағылшын тілінен емтихан нәтижелері

сынып	Оқушы саны	«5»	«4»	«3»	«2»	Үлгерімі	Сапасы
11	1	1	0	0	0	100%	100%

Информатикадан емтихан нәтижелері

сынып	Оқушы саны	«5»	«4»	«3»	«2»	Үлгерімі	Сапасы
11	1	1	0	0	0	100%	100%

Дүниежүзі тарихынан емтихан нәтижелері

сынып	Оқушы	«5»	«4»	«3»	«2»	Үлгерімі	Сапасы
-------	-------	-----	-----	-----	-----	----------	--------

	саны						
11	2	1	1	0	0	100%	100%

Биологиядан емтихан нәтижелері

сынып	Оқушы саны	«5»	«4»	«3»	«2»	Үлгерімі	Сапасы
11	3	0	3	0	0	100%	100%

Географиядан емтихан нәтижелері

сынып	Оқушы саны	«5»	«4»	«3»	«2»	Үлгерімі	Сапасы
11	7	5	2	0	0	100%	100,0%

Химиядан емтихан нәтижелері

сынып	Оқушы саны	«5»	«4»	«3»	«2»	Үлгерімі	Сапасы
11	2	2	0	0	0	100%	100%

Геометриядан емтихан нәтижелері

сынып	Оқушы саны	«5»	«4»	«3»	«2»	Үлгерімі	Сапасы
11	3	0	3	0	0	100%	100%

11 сыныптың емтихан нәтижелері:

	Предмет	Бір жылдық нәтижелер, %	Қорытынды нәтижелер, %	Динамика, %
1	Қазақ тілі	84,2%	89,2%	Өзгеріс бар
2	Алгебра және анализ бастамалары	47,3%	47,3%	Өзгеріссіз
3	Орыс тілі мен әдебиеті	94,7%	94,7%	Өзгеріссіз
4	Қазақстан тарихы	68,4%	68,4%	Өзгеріссіз
5	Дүниежүзі тарихы	100%	100%	Өзгеріссіз
6	География	100%	100%	Өзгеріссіз
7	Химия	100%	100%	Өзгеріссіз
8	Биология	100%	100%	Өзгеріссіз
9	Геометрия	100%	100%	Өзгеріссіз
10	Ағылшын тілі	100%	100%	Өзгеріссіз
11	Информатика	100%	100%	Өзгеріссіз

Нәтижелер бойынша қорытынды шығаруға болады: 9 және 11 сынып оқушылары пәндер бойынша өздерінің білім деңгейлері тұрақты емес деген қорытынды жасауға болады. Динамика өзгерістермен бірге келеді, себебі таңдау пәндердің қорытынды нәтижесі мен жылдық бағаларына қарайтын болсақ, жылдық бағада жалпы сынып бойынша нәтиже көрсетсе, қорытынды нәтижеде тек тапсырған оқу саны ғана нәтиже береді.

Негізгі орта, жалпы білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын меңгерген 5 – 8, 10 сынып оқушылары бір пәннен - Қазақ тілінен аралық емтихан тапсырады:

1) қазақ тілінен жазбаша емтихан;

2) 5-8, 10-сынып емтихандарының нәтижелері келесідей:

3) Қазақ тілінен емтихан нәтижелері

сынып	Оқушы саны	«5»	«4»	«3»	«2»	Үлгерімі	Сапасы
5	24	4	13	7	0	100%	70,8%
6	24	5	13	6	0	100%	75,0%
7	24	4	11	9	0	100%	62,5%
8	21	5	6	10	0	100%	52,3%
10	11	2	6	3	0	100%	72,7%

Қазақ тілі пәнінен 5-8, 10-сыныптағы жылдық білім сапасы мен қорытынды талдау (емтихандарды ескере отырып)

№	Сынып	Бір жылдық нәтижелер, %	Қорытынды нәтижелер, %	Динамика, %
1	5	70.8%	70.8%	Өзгеріссіз
2	6	70,8%	70,8%	Өзгеріссіз
3	7	62,5%	62.5%	Өзгеріссіз
4	8	52,3%	52,3%	Өзгеріссіз
5	10	81.8%	81.8%	Өзгеріссіз

2025 жылы негізгі орта, жалпы орта мектеп білім алушылары жалпы білім беретін пәндер бойынша аралық және қорытынды аттестаттаудан өтті. Негзі орта, жалпы орта білім берудің мемлекеттік стандартын сәтті игерді. Динамика өзгеріссіз келеді, өйткені оқушылар емтиханға арналған пәнге сапалы дайындықпен келді.

Шешімі: емтихан нәтижелерін талдау барлық түлектердің емтихандарды сәтті тапсырғанын және оқыту деңгейі мемлекеттік білім беру стандартының талаптарына сәйкес келетінін көрсетті. 11-сынып түлектері жоғары оқуда оқуды жалғастыру үшін қажетті оқу профилін саналы түрде таңдады. Оқушыларға қиындық тудыратын тақырыптар бойынша түзету жұмыстарын жүргізу, жеке кеңес беру, оқытуда жеке және сараланған тәсілді қолдану.

Білім алушылардың оқу жетістіктерін білім алушылардың критерийлері мен бағалауына сәйкес бағалауды жүзеге асыру және формативті және жиынтық бағалау талаптарын сақтау.

2024-2025 оқу жылында 1-сынып "Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" "ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 28 тамыздағы №373 бұйрығына сәйкес бағаланбайды. Кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру", критериалды бағалау барлық 2-11 сыныптарда жүргізіледі. БЖБ және ТЖБ саны 2024-2025 оқу жылына арналған. Бұл ретте қорытынды белгілер қою үшін жиынтық және формативті бағалау жүргізу алгоритмі

сақталады. Осылайша, формативті бағалау нәтижелері күн сайын электронды журналға балл түрінде қойылады. Мұғалім күн сайын журналда оқушылардың оқу жетістіктерінің барысын саралауға сәйкес балл түрінде тіркейді: формативті бағалау үшін ең жоғары балл 2-11 сыныптарда 10 балдан аспайды, бұл ретте 1-3 балл төмен деңгей, 4-7 балл–орта деңгей, 8-10 балл – жоғары деңгей өлшемдеріне сәйкес келеді. Тоқсанға баға қою кезінде формативті бағалау үшін орташа балл ескеріледі, ол журналдың жеке бағанында қойылады. Тоқсандық бағалау ТЖБ (тоқсандық жиынтық бағалау), 25% — БЖБ(бөлім бойынша жиынтық бағалау) және 25%—ағымдағы сабақтар үшін формативті бағалау есебінен 50% - ға қалыптастырылады. Әр білім алушының формативті бағалауының жиілігі мен санын мұғалім өзі анықтайды.

